

М.С. Джангужиев<sup>1\*</sup>, Г.К. Жапекова<sup>2</sup>, Г.Ж. Балжанова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Қазақстан, Орал қ.

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

\*e-mail: dsi-1949@mail.ru

## КІШІ ЖҮЗ ХАНЫ ЕРАЛЫНЫҢ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (1791–1794 ЖЖ.)

Мақалада XVIII ғасырдағы қазақ мемлекетінің тарихи тұлғалары арасында ерекше орын алатын Ералы ханның қоғамдық-саяси қызметі қарастырылған. Оның өмірі ел тарихындағы ең қиын кезеңмен байланысты. Ералы хан сол кездегі саяси ахуалдың болмысын жете түсініп, өзінің түсінігі мен әкесі Әбілқайыр ханның мемлекет мүддесіне бағытталған саясатына қолдау көрсете отырып, жан-жақты ойластырылған шешімдер қабылдауға тырысты. Ол XVIII ғасырдағы саяси оқиғаларда жоғары белсенділік таныта отырып, халқына адал қызмет еткен, орыс әкімшілігінің хан билігін жоюына қарсы күреске жетекшілік еткен хандардың бірі. Ұсынылып отырған еңбекте Әбілқайыр руы өкілдерінің Кіші жүзді және оған іргелес жатқан аумақтарды басқарудағы шешуші рөлі туралы қорытынды жасалған. Бұл кезеңде хандар қазақ қоғамында ғана емес, қазақ мемлекетінен тыс жерлерде де Шыңғыс хан әулетінің өкілдерінен сайланғандықтан, мақалада олар хан билігінің нағыз иелері ретінде көрсетілген. Зерттеу нәтижелері сол кездегі саяси жағдайдың күрделілігін, қазақ мемлекетінің сыртқы саясатының әртүрлі векторларын жүргізу қажеттілігін көрсетеді. Дереккөздер, тарихи әдебиеттер мен мұрағаттық құжаттамалық деректер кешенін жүйелі талдау зерттеліп отырған мәселені мейлінше терең және жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді. Біртұтас тарихи бейнені жаңғырту қазақ тарихының ұлы тұлғалары санатына енген Ералының көрнекті тұлғасын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** Ералы хан, тарихи тұлға, Қазақ мемлекеті, Орынбор комиссиясы, қазақ-орыс қатынастары.

M.S. Janguzhiyev<sup>1\*</sup>, G.K. Zhapekova<sup>2\*</sup>, G.Z. Balzhanova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan, Kazakhstan, Uralsk

<sup>2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian national university Kazakhstan, Astana

\*e-mail: dsi-1949@mail.ru

### Political activities of the Khan of the Younger Zhuz Yeraly (1791–1794)

The article consider the socio-political activity of Yeraly Khan, who occupies a special place among the historical figures of the Kazakh state of the XVIII century. His life is associated with the most difficult period in the history of the country and Yeraly Khan, understanding the vicissitudes of the political climate of that time, tried to make well-adjusted decisions based on his own understanding and support of the policy of his father Khan Abulkhair for the benefit of the state. He served faithfully to his people, showing high activity in the political events of the XVIII century. He was one of the khans, who led the struggle against the liquidation of the khan's power by the Russian administration. In the presented work, the conclusion is made about the decisive role of representatives of the Abulkhair clan in the management of the Younger Zhuz and neighboring adjacent territories. During this period, khans were elected not only in Kazakh society, but also outside the Kazakh state from representatives of the Genghis Khan dynasty, so they are presented in the article as the real owners of the khan's power. The results of the study show the difficulties of the political situation of that time, the need to carry out various vectors of the foreign policy course of the Kazakh state. A systematic analysis of the complex of sources, historical literature and archival documentary data allows a sufficiently deep and comprehensive study of the problem. The reconstruction of an integral historical image shows the outstanding personality of Yeraly, who entered the history of the Kazakh people in the category of great figures of Kazakh history.

**Key words:** Yeraly Khan, personality in history, Kazakh state, Orenburg Commission, Kazakh-Russian relations.

М.С. Джангужиев<sup>1\*</sup>, Г.К. Жапекова<sup>2</sup>, Г.Ж. Балжанова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, Казахстан, г. Уральск

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

\*e-mail: dsi-1949@mail.ru

### Политическая деятельность хана Младшего жуза Ералы (1791–1794 гг.)

В статье рассматривается общественно-политическая деятельность Ералы-хана, занимающего особое место среди исторических личностей Казахского государства XVIII века. Его жизнь сопряжена со сложнейшим периодом в истории страны и Ералы-хан, понимая перипетии политического климата того времени, пытался принимать выверенные решения на основе собственного понимания и поддержки политики его отца хана Абулхаира на благо государства. Он добросовестно служил своему народу, проявляя высокую активность в политических событиях XVIII века. Был одним из ханов, возглавивший борьбу против ликвидации ханской власти российской администрацией. В представленной работе делается вывод о решающей роли представителей рода Абулхаира в управлении Младшим жузом и соседними прилегающими территориями. В этот период ханы избирались не только в казахском обществе, но и за пределами казахского государства из представителей династии Чингисхана, поэтому они представлены в статье как реальные обладатели ханской власти. Результаты исследования показывают сложность политической ситуации того времени, необходимости проведения различных векторов внешнеполитического курса казахского государства. Систематический анализ комплекса источников, исторической литературы и архивных документальных данных позволяет достаточно глубоко и всесторонне изучить исследуемую проблему. Воссоздание целостного исторического образа показывают незаурядную личность Ералы, вошедшего в историю казахского народа в категории великих деятелей казахской истории.

**Ключевые слова:** Ералы-хан, личность в истории, Казахское государство, Оренбургская комиссия, казахско-русские отношения.

### Кіріспе

Ералы хан (Ермұхамедали) (шамамен 1720–1794 жж.) – өзінің қоғамдық қызметімен танымал және XVIII ғасырдағы саяси оқиғаларда жоғары белсенділік танытқан Кіші жүз ханы (1791-1794 жж.) Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Ералы Әбілқайыр ханның екінші ұлы болған. Әбілқайыр хан тұсында Ералы Орта жүз керейлері мен Кіші жүздегі бірнеше ру сұлтаны болып табылады. Нұралы хан тұсында Әлімұлының бірнеше руының сұлтаны болды. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билеуші әулет ретіндегі Шыңғыс ханнан тараған ұрпақтар қазақ қоғамындағы ең ықпалды күштердің бірі болды. Хан ретінде тек Шыңғыс хан әулетінің өкілдері сайланып, хан мәртебесі атадан балаға мұра болып қалып отырды. Тақ мұрагерлігінің жүйесі меритократия принципіне негізделіп, бұл принцип бойынша хан болып қоғамда көрнекті ақыл-ойы мен нақты саяси ықпалы бар тұлғалар сайланды. Мұндай ықпалға әдетте ең үлкен және ең пірменді тайпалардың көсемдері ие болды. Сондықтан ең қуатты тайпалық құрылымдардың басында тұрған төре тұқымынан шыққан өкілдер ғана жоғарғы билікке ие болды. Ғасырлар бойы дала билеушілері аса қуатты империялар мен ішкі алауыздықтарды ықпалын еңсере отырып, біздің

басты байлығымыз ретіндегі байтақ даламыз пен ұлттық тұтастығымызды сақтай алды. Сонымен қатар хандық билік төменгі тармақ өкілдеріне берілді. Өзіндік бірегей салт-дәстүрлер негізінде хан ұрпақтарына артықтықшылықтар берілді. Сондықтан Кіші жүзде Нұралы ханнан кейін хандық билік оның інісі Ералы ханға өтті. (Зиманов, 1960: 93)

Бұл кезең мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістермен сипатталады. «Саяси жүйедегі хан рөлінің әлсіреуі сайлау принципінің өзгеруіне әкелді. Ресми түрде меритократия принципі күшінде болғанмен, шын мәнінде XVIII ғасырдың басына дейін хан дәрежесі мұрагерлікпен беріліп отырды». (Шотанова, 2020: 5-15)

Бұл кезеңнің бір ерекшелігі қазақ қоғамының экономикалық және саяси дамуы патша үкіметінің мемлекеттік саясатының өсіп келе жатқан ықпалы аясында жүрді. Хан сайлауы шенеуніктер мен жасақтардың қатысуымен жүргізілді. Оның бір көрінісі – 1791 жылғы Ералы ханның сайлануы еді. Ералының хан ретінде сайлауын Орынбор губернаторы мәжбүрлеп енгізген болатын. Алайда Ғабдулғазиз сұлтан, Сырым батыр, Басықара би және халықтың көпшілігі хан билігін шектейтін кеңес құруды жақтаушы бола тұра, оның сайлануына қарсы болды. (Зиманов, 1960: 78-12).

Зерттеудің өзекті мәселелері XVIII ғасырдың соңындағы оқиғалар болып табылады. Бұл оқиғалар осы дәуірді қайта зерделеуге ықпал етуде, өйткені бұл дәуір аз зерттелген кезең ретінде мәлім. Көптеген фактілер тарихи талдауды қажет етеді, сол кезде өмір сүрген ұлы тұлғалардың қайталанбас қырлары мен құпиялары анықталмаған күйде қалып отыр.

XVIII ғасырды күрделі кезеңге жатқызудың себептерінің бірі – оның мыңжылдықтар бойы қарқынды дамыған Еуразия көшпенділері тарихындағы бетбұрысты кезең болуы. Осынау тегеуірінді даму дәуірі әлемде орын алған жаңғырту процестері, метрополиялар экспансиясы, Ресей империясының Қазақстан аумағын отарлауы сияқты бірқатар факторлар ықпалынан үзіліп қалды. Қазақ мемлекеті өз тәуелсіздігін сақтап қалуға тырысып, өз аумағы үшін күресті, оның нәтижелері болашақта көрініс тапты.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Жалпы Ералы ханның өмірі мен қызметін зерттеуді үш кезеңге бөлу керек: революцияға дейінгі, кеңестік және қазіргі заманғы зерттеулер кезеңі.

Бірінші кезең Қазан төңкерісіне дейінгі тарихнамамен байланысты. Оған А.И. Тевкелев, И.Г. Георги, И.П. Фальк, П.И. Рычков, Н.П. Рычков және т.б. секілді революцияға дейінгі зерттеушілер мен патша шенеуніктерінің еңбектері жатады. Мысалы, П.И. Рычковтың "Орынбор тарихы (1730-1750)" (Рычков, 1896: 95) және "Орынбор облысының топографиясы" (Рычков, 1887: 406) еңбектерінде мақалада көтерілген мәселеге байланысты құнды мәліметтер бар. А.И. Тевкелевтің қызметтік жазбаларындағы оның Ералы ханмен бірге Ресей империясының астанасы Санкт-Петербургке сапары туралы мәліметтер үлкен қызығушылық тудырады. Сонымен қатар, Ералы хан туралы Ресей империясының Сыртқы істер алқасының құжаттарында сұлтанның келісімдері туралы бірқатар мәліметтер бар. Сонымен қатар С.З. Зиманов: «осы авторлар сипаттаған фактілер мен деректерді растап қана қоймай, керісінше куәландыратынын» атап өткен. (Зиманов, 1960: 7).

Кеңестік кезеңдегі жұмыстар, атап айтқанда, қазақ-орыс қарым-қатынастарының әртүрлі аспектілері бейнеленген "XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары" деректі материалдар жинағы ерекше назар аударуға лайық. "Қазақ КСР тарихы бойынша материалдарда"

Дала облыстарындағы Ресей үкіметінің саясаты және дәстүрлі қазақ қоғамын трансформациялау ерекшеліктері туралы құнды мәліметтер бар. Бұл зерттеуде С.З. Зимановтың «Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков» атты еңбегі ерекше рөл атқарады. Өйткені ол мұнда осы зерттеу тақырыбы бойынша көптеген мәселелерді қозғаған.

С.М. Мәшімбаев, К.Ш. Хафизова, И.В. Ерофеева және өзге де ғалымдардың осы кезеңге арналған жан-жақты зерттеулері жарық көрді. Бұл еңбектер ішінде қазақ мемлекетінің бастауында тұрған қазақ хандары мен сұлтандарының және белгілі тұлғалардың тағдыры туралы туындылар аса маңызды. Ералы ханның тарихи портретін қайта жасақтау қажеттілігі мұрағаттық құжаттарды тартуды талап етті. Ералы Әбілқайырұлының Отан тарихына енген қазақ қайраткерлерінің арасында ерекше орын алатыны сөзсіз.

Осы тақырыпты мұқият зерделеу ісіне тарихи зерттеулер жүргізуде қолданылатын бірқатар жалпы ғылыми және арнайы әдістер тартылды. Проблемалық-хронологиялық әдіс XVIII ғасырдағы Ералы ханның қызметін динамикада қарастыруға және осы процестің құрамдас бөліктерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Салыстырмалы әдіс аймақтағы әлеуметтік-саяси оқиғалардың даму ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл тақырыпты зерттеу тарихилық пен объективтілік принциптерін басшылыққа алуды талап етеді. Нарратив әдісі белгілі бір себеп-салдарлық байланыстар мен анықталған фактілерге сүйене отырып, оқиғалар тізбегін түсіндіруде белгілі бір дәйектілікке сүйенуге жағдай жасады. Бұл әдіс жеке адамдардың өмірбаяндары мен әртүрлі аспектілерін зерттеуге мүмкіндік береді.

### **Талқылау нәтижелері**

Ералы сұлтан тарихи сахнаға Қазақ даласын отарлау саясаты басталған XVIII ғасырда шықты. Бала кезінен ол хан кеңестеріне қатысып, Ресей империясындағы Әбілқайыр хан елшілігін басқарды. 1734 жылы 10 ақпанда Ералы салтанатты түрде императрица Анна Иоанновнаны қабылдайды. Оның әкесі Әбілқайыр хан сол кездегі күрделі ішкі және сыртқы жағдайларды ескере отырып, оны А.И. Тевкелев елшілігіне аманат етіп аттандырады. Куәгерлердің айтуынша, "жас сұлтан шешендігімен көзге түсіп, өз абырой-беделін биік ұстаған". Ералы мен оның ағасы Нияз Санкт-Петербургтегі император

сарайында қалады. Алайда 1734 жылы Ералы әкесінен аманат ретінде басқа ұлын жіберуді өтініп, туған өлкесіне оралады". (1791 жылы Ералы хан Кіші жүздің ханы болып сайланды. // <https://e-history.kz/ru/calendar/show/26880>)

XVIII ғасырда Кіші жүзге іргелес жатқан жерлерді Қазақ ханы Әбілқайыр биледі. Академик С. Камалов 18-ғасырдың басында қарақалпақтардың қазақтарға саяси тәуелді болғаны туралы былай деп жазды: «30-40-жылдары. XVIII ғасырда қарақалпақтар Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың қол астында болды. Олар қарақалпақтарға өз билігін жергілікті үстем тап өкілдері – билердің, байлардың, дін басыларының көмегімен жүзеге асырды» (Камалов, 1968: 328).

Әбілқайыр ханның Кіші жүздің күрделі саяси өміріндегі Қазақ хандығын сақтап қалу бағытындағы саясаты Ералы ханның саяси көзқарастарына әсер етті. Ол өз кезегінде әкесінің іс-әрекетіне қолдау білдіріп, Қазақ мемлекетін сақтауға өз үлесін қосып, елдің саяси өміріне белсенді қатыса бастады.

Ресей мемлекетінің билігін орнатып, аймақтардағы билікті басып алудың қандай әдістері мен тәсілдері пайдаланғандығын мемлекеттік кеңесші Иван Кирилов пен полковник Алексей Тевкелевтің өзара алмасқан хат-хабарынан көруге болады. Оларда "қалмақ, башқұрт және қырғыз-қайсақ халықтары туралы, олардың бір-бірімен келіспейтін алауыздығы жөнінде, және егер қалмақтар қандай да бір қарсылық көрсетсе, онда сіз оларға қырғыздарды, керісінше, қырғыз-қайсақтар нендей қылық көрсетсе, оларға қалмақ пен башқұрттарды жіберіңіз", – делінген. Сол арқылы "оларды тұқыртып, орыс әскерлерін жібермей-ақ бағыныштылыққа жеткізуге болады. 1734 жыл. (Митиров, 1998: 384).

Сол кездегі саяси жағдайдың күрделілігін түсіну үшін Қазақ мемлекетінің сыртқы саясатын іске асырудың түрлі векторларын зерделеу қажет. Бағыттардың бірі қалмақтардың Жайық пен Еділге баса-көктеп кіріп, мұның "Орталық Азиядағы оқиғаларды туындатуы болды". "Дондук-Омбодағы үлкен дипломат, басқалармен қарым-қатынаста ұтымды да шебер әрекет еткен аға зайсаң Джамба Джамсо, 1737 жылы 24 қарашада Царицында, полковник Кольцовтың пәтерінде болған кезде, оған хан Дондук-Омбода Жайықтан жөңкіле көшкен қазақ ұлыстары туралы шынайы мәлімет бар екенін айтып, олардың үш күн ішінде Елюнту шатқалына жетіп, Еділ арқылы таулы жаққа және Кубанға Домботюп шатқалына бару ниеті

барлығын жеткізген. Зайсаң "қытай әскерлері зенгорларды (жоңғарларды) орнықты мекенінен түрекуып, бұлқысымнан босып кеткен жоңғарлар қайсақтар мекендері маңына қоныстанып, олармен жауласуға ниетті" екендігін айтқан. Қазақтардың жөңкіле көшуінің тағы бір себебі – Әбілқайыр ханның ұлы Орынборда аманаттықта болып, хан ұлын "Ресей тарапынан алдап-арбап, қандай да бір жолмен қайтарып алуды көздеген еді" (Митиров, 1998: 384).

Ералы сұлтан Орынбор Әкімшілігімен, атап айтқанда В.Н. Татищевпен кездесулерге белсенді қатысады. В. Н. Татищев Орынбор комиссиясының басшысы болып 1737 жылы 10 мамырда тағайындалған (Рычков, 1896: 80–101). Татищев Орынбор экспедициясының шенеуніктері тарапынан орын алған көптеген заңбұзушылықтарды ашып, әртүрлі есептерді дайындау барысында жіберілген кемшіліктерді тауып, нәтижесінде есепші қамауға алынады. П.И. Рычков жазғандай, қамаудың себебі "кеңсе қызметкерлерімен бірлесіп, ақшаның, адамдар мен заттардың кіріс-шығыстары туралы ведомостілерді бұрмалап, барлық ведомостілерді бұрмалап жазып болғанша, хатшыларды кеңседен шығармағаны үшін" еді (Смирнов, 1997: 72).

Орынбор экспедициясының ең қатыгез шенеуніктерінің бірі ретінде танымал болған полковник А.И. Тевкелевтің әрекеттерін де атап өткен жөн. Ол Балықшы облысының Сеянтус ауылының тұрғындарын тек қана бүлікшілерге деген жанашырлық танытты деген күдік негізінде-ақ қырып тастаған. "1736 жылы 19 қаңтарда ол бұл ауылды өз командасымен қоршап алып, оның барлық тұрғындарын бір сәтте қырды: "мыңдаған адамды, әйелдер мен балаларды ауыл ішінде бірін атып, бірін драгун шанышқылармен шаншып өлтірді, оған башқұрттар мен мешчеряктар қатысты. Сонымен қоймай, жүз бес адамды бір қораға қамап, өртеп өлтірді. Мұның бәрі бір түн ішінде болған еді, ауыл толығымен отқа оранып, шыңғырып-бақырған дауыс пен атқылаған қару үнінен дала қан жылаған қорқынышты көрініс еді бұл" (Рычков, 1869: 57). Бұл қатыгездіктер үшін Тевкелев ешқандай жаза алған жоқ.

В.Н. Татищев Орынбор экспедициясының қызметін жақсарту бағытында бірқатар шешімдер ұсынып, сауда-экономикалық міндеттерді іске асыруға ерекше назар аударады. "Патша үкіметі Ресейдің қазақ жүздерімен және Орта Азия хандықтарымен сауданың дамуын бақылап отырды. 1738 жылғы 14 ақпандағы



Жарлықта үкімет Орынбор комиссиясының бастығы В.Н. Татищевтен түйе жүнін шығару үшін қазақтармен сауда жасауды талап етті". (Акманов және Амирханов, 2015: 298-302) 1738 жылы 16 қыркүйекте Үкіметтің "Ресейдің қырғыз-қайсақтармен саудасын тарату туралы" Жарлығы пайда болды. Осыған орай В. Н. Татищев қазақтармен және басқа елдермен сауданы реттеу ісімен үнемі айналысқан болатын (Шиляев, 2001: 131).

Алайда кейін белгілі болғандай, А.И. Тевкелевтің шағымдары мен Биронның араласуы кесірінен Татищев Орынбордағы биліктен шеттетіліп, Анна Иоановнаның 1739 жылғы 17 маусымдағы Жарлығымен Орынбор комиссиясының бас командирі болып генерал-лейтенант князь В. А. Урусов тағайындалды.

1739 жылы қарашада Ресейдің қоластына өткен қазақтардың қалмақ пен башқұрттарға қарсы көтеріліске дайындалып жатқандығы туралы хабар келіп, 1739 жылы 24 қарашадағы жарлық бойынша В.А. Урусовқа көтерілісті тергеп қана қоймай, сонымен бірге оған тосқауыл қою, егер бағынбаса, оны қарулы күшпен басу тапсырылды.

1739 жылы 18 Желтоқсанда патша комиссия басшысына қазақ хандары мен сұлтандарының қалмақ ханы Дондук Омбаның иелігіндегі жерлерге жасаған шабуылдарға қатысы бар-жоғын тергеуді тапсырады. "Қару-жарақтың күшімен, айлакерлікпен және қоқан-лоққылармен хандық билікке қол жеткізген Дондук-Омбо абсолютті билікті орнатуға тырысқан еді. Өз билігін нығайту үшін ол қоластындағы жеке-леген шонжарлар мен зайсандарға қоқан-лоққы саясатын жүргізген болатын. Билікке мастанып, көптеген соғыстардағы жеңістерден көзі шел басып, патшайымның өзіне деген рақымына мас болған хан өзінің қалмақ халқын басқару жөніндегі мұрагері, немере ағасы Дондук-Дашидің айтуы бойынша "шонжарлығына да, асыл тектілігіне де, жақсылығы мен зұлымдығына да, еркек не ұрғашысына да қараған жоқ, бірін атты, бірін қамады, енді бірін тұқымымен тұздай қылды. ал кейін олар "орыс үкіметіне" қандай да бір қастандық жасады деп жазды. Мұндай жағдайда көптеген шонжарлардың ханның билігін тек қорқып қана мойындағаны анық еді, олар дәстүрлі басқару қағидаттарының жойылғанына наразы болатын, көбі ханға наразы болып, қарсылық білдіру үшін қолайлы жағдайды күтіп жүрген еді" (Митиров, 1998: 384).

Әбілқайырдың билеуші әулеті көз қырына алған келесі бағыт Хиуа мен Бұхара еді. Шерғазы 1728 жылы Хиуа ақсүйектерінің қолынан қаза тапқаннан соң, өзге қазақ сұлтандарының Хиуа тағындағы билігі басталады. Аралдықтардан қорғану мақсатында Хиуа ақсүйектері Әбілқайыр ханға жүгініп, наместник ретінде ол жерге Әбілқайырдың немере інісі Мамай сұлтан тағайындалады. Алайда оның билігі ұзаққа бармай, кейін оның орнына хан күйеу баласы, Орта жүзді басқарған Қайып ханның ұлы Батыр (Бахадур) сұлтанды жібереді. Батыр сол 1728 жылы Хиуа ханы болып жарияланды. "Бірақ алты айдан кейін Батыр хан оған қарсы дайындалып жатқан қастандықтан қорқып, Хиуадан жасырын түрде қазақ даласына қашып кетеді. Бос таққа тағы бір Шыңғыс ұрпағы, Әбілқайырдың немере інісі Ильбарс II (1728–1740) отырады. Жауынгер мінезді Ильбарс хан Хиуа ақсүйектеріне сүйене отырып, он екі жыл бойы қазақ, бұхар және парсы билеушілерінен тәуелсіз саясат жүргізген еді".

1738 жылы Ералы сұлтан керей, уақ және таракты руларынан әскер жинап, Қызылқұмдағы Сырдарияның сол жағалауына бет алып, хиуалықтарды қарақалпақтар қоныстанған жерлерге дейін ығыстырады.

1739 жылы 18 маусымда Әбілқайыр ханнан келген Баракбай мен Қарақалпақ Болат батыр В.Н. Татищевке Ералы сұлтанынның хатын тапсырады. В.Н. Татищевтің ұсынысы бойынша Ералы сұлтан Ресеймен бейбіт келісімге қол қоюға шақыру үшін Хиуа ханы Ильбарсқа жіберіледі. Осы сапар барысында Ералы сұлтан Ильбарс ханның қызына үйленген. (Эпистолярное наследие, 2014: 331–332).

1740 жылы қазанда Иран шахы Надиршах Ханках бекінісін қоршауға алды. "Қоршаудағылар алты жақтан анталаған жауды көріп, өзбек әскербасыларының үлкен тобымен бірге бекіністен шығып, 1740 жылы 14 қарашада ұлы мәртебелінің рақымына беріледі". Ильбарс II өзінің 20 әскербасымен бірге жерге тірідей көмілді.

Хиуа ханы Ильбарстың (1728–1740) тақтан таюына байланысты Әбілқайыр Хиуа аумағына қазақ, қарақалпақ және аралдықтардан құрылған 3000 әскерін алып келеді. Бұл жасақта лейтенант Гладышев пен геодезист И. Муравин бар болатын, олар Әбілқайырдың тапсырысы бойынша Сырдарияда қала салу үшін орын табуы керек еді. Өз баяндамаларында Гладышев былай деп жазды: "Хан қайдан екенін сұрады.

Гладышев оған Ұлы империялық мәртебелімен грамотамен жіберілгені туралы жауап берді. Өз алдында оқуды бұйырды... Парсы шахының мұсылмандар тұратын Хиуа қаласын алуға келе жатқаны белгілі, ал ол үшін мен де, ол да қаланың императордың мәртебелі билігі астында болғанын қалаймын; ол үшін мен оған қалаға барғым келеді, ол үшін сіз де, Гладышев, осы жорықта болуыңыз керек және сол жерден шахпен кездесуге барып, императорлық мәртебелімен жіберілген хатты тапсыруың керек. Бұл шахтың менімен жауласпауы үшін қажет... Ханды Хиуа старшындары күтіп алды: Авест-Миран 20 шақты бір топ жақтастарымен ханнан оларға тез арада келіп, жаулауға келе жатқан парсы шахынан қорғауды өтінді, Әбілқайырды Хиуа ханы ретінде қабылдайтындықтарын жеткізіп, хан шұғыл арада Хиуаға жол тартуын сұрады..." (Показания Оренбургского драгунского полка поручика Дмитрия Гладышева. Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740–1741 годах Гладышевым и Муравиным. СПб. 1851).

1740 жылы 7 қарашада Әбілқайыр Хиуа ханы атанды. "Хан амбвон құрған хан орнында отырды. Тақ орны парсы кілемімен қымталып, оған қызыл барқыт жастық тасталған. Хан қызыл жібек шапан жамылып, оның айналасында 40 шақты Хиуаның ақсүйек старшындары шоғырланып, барлығы Әбілқайырды хан болуымен құттықтады" (Показания Оренбургского драгунского полка поручика Дмитрия Гладышева. Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740–1741 годах Гладышевым и Муравиным. СПб. 1851). Бірақ 1740 ж. 11 қараша Парсы империясының шабуыл жасау қаупіне байланысты Әбілқайыр хан Кіші жүзге қайта оралды.

Осы кезде 1740 жылғы 22 тамызда Орынбор комиссиясының басшысы В. А. Урусов Нұралы, Ералы сұлтандар мен Жәнібек-батырды қабылдайды. Олармен бірге отырысқа 1738 жылдан бері аманаттықта жүрген Қожахмет сұлтан да қатысады. "Ералы сұлтанмен таныс полковник Пальчиков пен Останков әңгіме арасында оны бұрынғыдай емес, денсаулығы нашарлаған түрде көріп, хал-жағдайын сұрады. Оған генерал-лейтенант (В. А. Урусов): "А, біздің Қожахмет сұлтан дін аман", – деп жауап қайтарды. Бұған Нұралы мен Ералы сұлтандар бір-біріне көңілді жүздермен қарап: "ол ұлы мәртебелімнің арқасында сау ғана емес, өсіп жетіліпті, біз кеткенде ол бала еді, енді адам қатарына қосылып қапты", – десті. Оның сөзіне Қожахмет сұлтан

орнына тұрып: "Мен жоғары мәртебелімді Санкт-Петербургте көргеніме өте қуаныштымын және сол кезден бастап менің жүрегім жайлы және жоғары мәртебелімнің арқасында амансауымын және барлығына разымын", – деп жауап берді" (Казахско-русские, 1961: 137).

Кездесу 1740 жылдың 24 тамызында да жалғасты. "Түскі бірде бекіністен Нұралы мен Ералы сұлтандар, Қожахмет сұлтан мен Жәнібек батыр 30 жауынгермен аттанды. В.А. Урусовтың ауласына кірген кезде Ералы сұлтанның аты үркіп, қақпаға секіріп, оны құлатып кетті. В.А. Урусов Ералыға қазақ жылқыларының жабайы табиғатына таң қалғанын айтқан кезде, сұлтан "біздің халқымыз қандай, жылқыларымыз да сондай", – деп жауап берді. Үстелдегі әңгіме барысында В. А. Урусов Санкт-Петербург туралы естеліктерімен бөлісті, ол өзге жерлерде, сондай-ақ Кронштадтта көргендері туралы айтты. Осы әңгімеден біз Ералы сұлтанның мемлекет үшін өз флотының болуы қаншалықты маңызды екенін түсініп, белсенді түрде қызыққанын көреміз: "оған сол жерлерде болғанын және жоғары қарай ағып жатқан көптеген өзен-суды көргенін және олардың барлығын айту мүмкін емес екенін айтты. Ералы 12 мың адам мен көп зңбіректен тұратын кемелер туралы әңгімеледі. Сол кезде В.А. Урусов сұлтан мен Жәнібекке 20 жыл әскери-теңіз флотында қалай қызмет еткені, әр жазда теңізде жауға қарсы жорықтарда болғандығы және жауға қарсы үлкен кемелерді қалай қолданғаны туралы айтты" (Казахско-русские, 1961: 141).

Сол жылдың 26 тамызында Нұралы мен Ералы сұлтандар В.А. Урусовпен қайта кездесті. Орынбор басшысы сұлтандарға олардың әкесі Әбілқайыр ханның оған патша әскерімен Сырдарияға келуі және қала құрылысы туралы хат жазғанын хабарлайды. "Бірақ қазір күздің келуіне байланысты патша әскерімен шалғай жерлерге бару мүмкін емес деп жүр, өйткені орыс әскері қазақтар бір күнде өтетін жерге төрт күн жүріп барады. Сонымен қатар, олар жердің жайкүйімен таныспай және оның қала құрылысына жарамдылығын қарастырмай, құрылысты бастауға болмайды дейді. Сұлтандарға әкесінің Сырдария бойында қала салғысы келетінін білсе де, олар жоғарыда аталған хат туралы білмейтіндіктерін және олар кеткеннен кейін жазылған болуы керек екенін айтады" (Казахско-русские, 1961: 149).

Осыдан кейін көп ұзамай, 30–31 тамызға қараған түні Нұралы, Ералы сұлтандар мен Есет,

Бөкенбай батырлар В.А. Урусовпен қоштаспай кенеттен кетіп қалады. Бұл туралы 31 тамыз күні таңертең генерал-лейтенантка келген Құтыр батыр мен Байбек айтып береді. Егер олардың айтқандарына сенетін болсақ, үшінші күні Нұралы мен Ералы сұлтандар Әбілмәмбет пен Абылай сұлтандарда болған кезде, олардың арасында қандай да бір келіспеушілік орын алған. Осыдан кейін Кіші жүздің кейбір қазақтарының арасында Әбілмамбет хан мен Абылай сұлтан Нұралы сұлтанды інісі Қожахмет сұлтанның Орынбордағы орнына қалдыруды ойластырған деген қауесет тарайды. Бұдан қауіптенген сұлтандар В.А. Урусовпен кездесуден кенттен кетіп қалған" (Казахско-русские, 1961: 164).

Нұралы мен Ералы сұлтандардың Орынбордағы бұл кездесуі кейінірек 1742 жылы наурызда Орынбор комиссиясына жазған Әбілқайыр ханның хатында сипатталған: "Марқұм генерал-лейтенант князь Василий Алексеевич Урусовпен кездескен Әбілмамбет пен Абылай сұлтандар туралы маған ұлдарым Нұралы мен Ералы сұлтандар мен олардың нөкерлері баяндады. Олар менің ұлдарымнан жоғары құрмет көріп, оған менің ұлдарым намыстанған. Өйткені менің император мәртебелімге деген қызметім бәрінен көп болды. Әкесі ретіндегі менен кейін менің ұлдарыма деген құрмет қандай боларын ойлап қам жеді. Бұл туралы мен Ералы сұлтанға бұл туралы хабарсыз екенімді және істі кім бастаса, сол аяқтайтынын жеткіздім" (Казахско-русские, 1961: 191–192).

1740 жылдың тамыз айының соңында Орынборда В.А. Урусовпен қоштаспай кеткен Ералы сұлтан Орта жүзге келіп, сол жерде Керей руының ханы болып сайланды. 1740 ж. лейтенант Гладышев былай деп жазады: "Әбілқайырдың үлкен ұлы Нұралы хан болып сайланды, ал екіншісі-Әбілқайыр ханның кіші ұлы Ералы сұлтан өткен 1740 жылдағыдай Орынбордағы генерал-лейтенант Князь Урусовтан жасырын кетіп қалды, содан кейін өз әкесінің рұқсатынсыз қырғыз-қайсақ Ордасына келіп, сол жердегі керей руының ханы болып сайланды, әлі күнге сонда (Казахско-русские, 1961: 181). И. В. Ерофеева: "Далаға оралғаннан кейін Ералы Орта жүздің уақ және керей тайпаларының көптеген рулары мен тарақ руларын басқарды, ал 1740 жылдың қыркүйек айының басында керейлер оны хан етіп сайлады", – деп түсіндіреді. (Эпистолярное наследие, 2014: 330).

Қ. Хафизова атап өткендей, Ералы хан Қытаймен дипломатиялық қарым-қатынас орна-

туға белсенді қатысқан. Ералы хан, Нұралы, Асибек (Айшуак), Хиуа ханы Қайып, Әбілфейз, Ханбабпен бірге 1763 жылы барлығы 9 сұлтан болып Жетісудағы қарулы қақтығыстан және Ералы сұлтанның Цин қолбасшысымен келіссөздерінен кейін жіберілген" елшіліктің құрамында болған. 1758 жылы Шыңжаңнан бұл елшілік Ауғанстаннан келген Ахмад Шахтың елшілерімен бірге Бейжіңге жіберіледі. Бұл елшіліктің келуі Цянлунды Ұлы және Орта жүз қазақтарының урянхай батыры Бараққа шабуыл жасағаны үшін "айрықша жазалауын" уақытша тоқтатуға мәжбүр етті. Цянлун конфуцийшілдіктің адамдарды кепілдікке алуын құптамайтындығын айтты (Ресейдің Кіші жүзден аманаттарды жіберу туралы талабын меңзеп отыр). (Хафизова, 2013: 35–40).

1786 жылы 3 маусымда Екатерина II Нұралы ханды биліктен шеттету туралы рескриптке қол қойды, ол Орынборға шақырылып, сол жерден Уфаға жіберілді. 1786 жылдың күзінде "Игельстром реформасы" деп аталатын Кіші жүздегі хан билігін жоюға әрекет жасалды. «1786 жылы қыркүйекте оздырылған кезекті халық кеңесінің жиналысына патша ассессоры М. Бичурин мен ахун М. Хусайнов қатынасып, онда шекаралық сот пен расправтарды құру туралы мәселе көтеріледі. Түп негізіне келгенде қазақтар үшін бұл мәселе түсініксіз болатын. Өйткені қалыптасқан хандық билік пен билер соты немесе старшындардың орнына келген отарлық басқару жүйесін түсініп, игеріп кету оңай емес еді. Мәжіліске Сырым Датұлы қатыспаған, өйткені Есімнің жақтастары 1786 жылы 14 тамыз күні молда Абулкерим мен Дөненді және Сырымды тұтқындаған болатын. Сырым мен оның жолдастары Ералы сұлтанның ауылына қайтыс болған туыстарының үйіне көңіл айтуға келе жатқанда, Есім сұлтан туыстарымен бірігіп 106 адамды тұтқынға түсіреді. Есім сұлтан Нұралы ханды әзірге кері қайтармай, Ералының ауылында Сырымды қамауда ұстауға бұйрық береді». (Мәшімбаев, 2015: 122 б).

Өздеріңізге мәлім, хан билігінен шеттетіліп, ағасы Нұралы Уфаға жер аударылғаннан кейін, Ералы сұлтан Ресейге қарсы қозғалысын бастаған болатын. Ералы кейін отаршылдық әкімшілікті жақтап кеткенімен, оның бұл шешімі күрделі саяси жағдайда қабылданған шешім еді. Генерал-губернатор Сырымды босату үшін Ералы сұлтанмен қатынасын жалғастыра түсті. О.А. Игельстром шекаралық сот ашылған күні ант қабылдап, Егізғали сұлтанды қамаудан

босатып, Ордаға жіберетіндігін және 12 қазанда Сырымды босататындығын хабарлайды. Сырымның елге оралуы О. Игельстромның Кіші жүзде өз реформасын жалғастыруына жол ашты.

Орынборда жүз ішінде басқару үшін шекара соты мен жергілікті жазалау органын құру ұсынылды, бірақ оны Кіші жүз старшындарының негізгі бөлігі қолдамады. Алайда 1786 жылы Орынборда бәрібір шекара соты, ал 1787 жылы – жазалау органы құрылады. Алайда бұл жүйе жүз ішіне таралмай, билік іс жүзінде старшындар қолында шоғырланды. Бұдан соң хандық билікті қалпына келтіру мәселесі қолға алынады. 1790 жылы Нұралы хан қайтыс болады. Отарлық басқару жүйесіне қарсы тұлғалардың бірі Орынбор генерал-губернаторы А.А. Пеутлингтің қолдауымен хан билігі қайта қалпына келеді. Сөйтіп ол Ералыны хан тағына отырғызу туралы шешім қабылдайды. Нәтижесінде 1791 жылы қыркүйек айының 4-ші жұлдызында орыс патшайымының Жарлығына сай Ералы Кіші жүздің ханы болып сайланады. (Мәшімбаев, 2015: 122).

Орыс әскерлері Қазақ съезіне Ералы сұлтанның хандық билігіне қолдау көрсету мақсатында қатынасты. Оған хан билігін шектейтін кеңес құруды жақтаған Сырым Датұлы қарсы болды. Сырым батыр мен өзге де Кіші жүз старшындарының Орынбор шекара істері экспедициясына Ералы сұлтанның хан болып сайлануына наразылықтарын білдірген 1792 жылғы 10 маусымдағы ұсынымдары сақталған. «Барон Игельстроммен біз Әбілқайыр ханның ұрпақтарынан хан шығармау туралы келісімшарт жасадық... Қырғыз-қайсақ халқы Ералы ханның болмысына сенбейді. Сонымен біз жоғарыда жазылған билер және бізге бағынышты халықпен бірге, хан ретінде лайықты әрі қабілетті тұлғаны сайлауға рұқсат ету туралы бұйрық беруді сұраймыз». (РССМ, 122-қор, 1792-1794 жж., 5-іс, 13-15 п.)

1792 жылдың жазында Сырым Датұлы қарулы күресті бастап, оның қоластындағы жасақтар шекара линиясындағы орыс әскери бекіністері мен Ералы ханды қолдаушы би-старшындардың ауылдарына шабуыл жасады.

## Қорытынды

1748 жылы Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін Ералы өзінің үлкен ағасы Нұралы ханды әкесінің тағына сайлап, оны Орынбор әкімшілігінің бекітуі үшін күрескен. Нұралы хан болып сайланған кезден бастап, содан кейін патша үкіметінің шешімі нәтижесінде Уфаға ауысқанға дейін Ералы ағасын жан-жақты қолдады. Бұл әсіресе Кіші жүздің қоғамдық-саяси өміріне ерекше әсер еткен қазақ-башқұрт және қазақ-қытай қатынастарында айқын көрінді.

Қазақ даласындағы саяси жүйенің дағдарысы аумақтық әлеуметтік-экономикалық проблемалар мен Ресейдің қолдауымен жүргізілген жікшілдіктен туындаған болатын. Орыс билігі әлі де болса қазақ қоғамындағы хан беделінен сескенетін еді. Патша шенеуніктері Санкт-Петербург сотына пара беру, жағымпаздану, бұрмалау секілді алуан түрлі құйтырқы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, өз дегендеріне жетіп отырды. Отарлаудың бастапқы кезеңінде Ресей билігінің аймақтағы ең қиын жағдайға ашық араласуы дәстүрлі империялық саясаттың «бөлу», «жеңу» саясатының айғағы іспеттес. XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басында Қазақ мемлекеті Ресейдің қоластында болып, империялық билік қазақтардың саяси тәуелсіздігін түбегейлі жоюды мақсат тұтты және бұл бағытта бірқатар іс-шаралар қабылдады. Атап айтқанда, гарнизондар мен олардың маңында тұрақты казак елді мекендері құрылып, бекініс желілерінің құрылысы жанданды. Ал әкімшілік басқару реформасын енгізу қазақтардың саяси құқықтарының шектелуіне алып келді. Осылайша қазақ жерлерін жаппай басып алу, салық салу сияқты түрлі шаралар жүзеге асырылды.

Ералы хан еліміздің саяси өміріне белсенді үлес қосты. Ол патша үкіметінің, патша шенеуніктерінің қатыгез саясатының, жерді жүйелі түрде басып алудың, салықтар мен міндеттердің ауырлығының, діни істерге араласудың тікелей кәугері болған тұлға.

Осылайша, Кіші жүздегі ішкі жағдай шиеленіскен кезеңде XVIII ғасырдың 30-жылдарынан бастап тарихи сахнаға көтерілген Ералы хан кейінгі кезеңдерде елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді ат салысты.



## Әдебиеттер

- Зиманов С.З. (1960). Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков – Алма-Ата: Изд. Акад. наук Казахской ССР, 1960 – 293 с.
- Мәшімбаев С.М. (2015). Сырым Датұлы (1742-1802 жж.): монография / С.М. Мәшімбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 122 б.
- Рычков П.И. (1896). История Оренбургская (1730-1750). Оренбург: Типо-литография Ив. Евфимовского-Мировицкого. – 95 с.
- Рычков П.И. (1887). Топография Оренбургской губернии. Оренбург: Типография Б.Б. Бреслина. – 406 с.
- Мұқтар Ә.Қ. (2001). Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі: XVIII ғасырдың екінші жартысы және XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар). Алматы: «Ғылым». – 258 б.
- Уталиев С.А. Как 300 лет назад казахские ханы правили в Хорезме [https://www.inform.kz/ru/kak-300-let-nazad-kazahskie-hany-pravili-v-horezme\\_a2760468](https://www.inform.kz/ru/kak-300-let-nazad-kazahskie-hany-pravili-v-horezme_a2760468)
- Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг. (2014). Сборник исторических документов в 2-х томах / Автор проекта, введения, биографий ханов, научных комментариев; составитель и ответственный редактор И.В.Ерофеева. – Алматы: АО «АБДИ Компани». 1032 с.
- Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). (1961). Алма-Ата: АН КазССР. – 744 с.
- Камалов С. (1968). Каракалпаки в XVIII-XIX веках (к истории взаимоотношений с Россией и среднеазиатскими ханствами). – Ташкент: Фан. – 328 с.
- История Казахстана в русских источниках XVI-XX веках. (2007). Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII- XIX века / Сост. И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев. – Алматы: Дайк-Пресс, Т. VI. 516 с. + 8 с. вкл.
- Материалы по истории Казахской ССР. Т. II. Ч. 2. (1741-1751 гг.). (1948). Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР. – 457 с.
- Митиров А.Г. (1998). Ойраты-калмыки: века и поколения. – Элиста: Калм. кн. изд-во. – 384 с.
- Хафизова К. (2013). Посольские связи Абылая с Цинской империей. Мысль, – №11, ноябрь – С.35-40.
- В 1791 г. Ералы хан был избран ханом Младшего Жуза.// <https://e-history.kz/ru/calendar/show/26880>
- Акманов И.Г., Амирханов А.З. (2015). В. Н. Татищев и его вклад в реализацию задач Оренбургской Экспедиции// Вестник Башкирского университета, Т.20, №1. – С. 298-302.
- Смирнов Ю. Н. (1997). Оренбургская экспедиция (комиссия) и присоединение Заволжья к России в 30-40-е гг. XVIII в. Самара. – С. 72.
- Шилиев Э.Ю. (2001). Развитие юго-восточной торговли России в 30-40-е гг. // Уникальные источники по истории Башкортостана. Уфа. – С. 131.
- Показания Оренбургского драгунского полка поручика Дмитрия Гладышева. (1851). Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740-1741 годах Гладышевым и Муравиным. – СПб. 1851
- Шотанова Г. А. Изменение социальной структуры казахского общества в XVIII–XIX вв. // Научный Татарстан, 2020, №2 – С. 5-15. <https://tatarica.org/application/files/8716/4318/5484/Shotanova.pdf>
- РССМ, ф. 122, 1792–1794 жж., д. 5, 13-15 п.

## References

- Zimanov S.Z. (1960). Politicheskij stroj Kazahstana konca XVIII i pervoj poloviny XIX vekov [Political structure of Kazakhstan in the late 18th and first half of the 19th centuries] – Alma-Ata: Izd. Acad. Sciences of the Kazakh SSR, 1960 – 293 p. S. 78-126.
- Mashimbaev S.M. (2015). Syrym Datuly (1742-1802): monograph / S.M. Mashimbaev. – Almaty: Kazakh University, 2015. – 122 p.
- Rychkov P. I. (1896). Orynbor Tarihy (1730-1750). [Orenburg History (1730-1750)]. Orenburg: Tjkb litografiasy. Evfimovskii-Miriskii. 95 b.
- Rychkov P. I. (1887). Orynbor gybermasynyń topografiasy. [Topography of the Orenburg region.] Orynbor: B. B. Breslinniń Baspahanasy. 406 B.
- Muqtar Ä.Q. (2001). Azattyq tań jolynda (Qazaqstannyń batys óńiri: XVIII ǵasyrdyń ekiqyzynyń jartysy jáne XIX ǵasyrdyń birlik shiregi aralyǵyndaǵy tarixi jaǵdailar). [On the way to the dawn of liberation (Western region of Kazakhstan: historical conditions between the second half of the XVIII and the first quarter of the XIX century)]. Almaty: "Ǵylym". 258 b.
- Qazaq bileýshi elitasyńyń epistolárlyq murasy 1675-1821 (2014). 2 tomdyq tarixi qujattar jınaǵy / joba avtory, kirispe, handardyń ómirbaıany, ǵylymy túsiniktemeler; Qurastyrýshy jáne jaýapty redaktor ı. v. Erofeeva. [Epistolary population of the Kazakh truth elite 1675-1821 GG. (2014). Historical documents in 2-X volumes / author of the project, presentation, biography of Khanov, scientific comments; host and responsible editor I. V. Erofeeva].- Almaty: "ABDI Kompania" AQ. 1032 B. + qosýly. 12 b.
- XVI-XVIII ǵasyrlardaǵy qazaq-orys qatynastary (qujattar men materialdar jınaǵy). (1961). [Kazakh-Russian relations in the XVI-XVIII centuries (documents and materials)]. Almaty: Qazksr ǴA. 744 b.
- Kamalov S. (1968). XVIII-XIX ǵasyrlardaǵy qaraqalpaqtar (Reseimen jáne Orta Azia handyqtarymen qarym-qatynas tarikhyna). [Karakalpaks in the XVIII-XIX centuries (on the history of relations with Russia and the Central Asian khanates)]Tashkent: Fan. 328 b.

RF Oromm. 2-қ., 1-т., 12-іс. [OROMM RF. 2nd ed., 1st Ed., 12th Ed].

XVI-XX ғасырлардағы орыс дереккөздеріндегі Қазақстан тарихы. (2007). Оңтүстік қазақ даласына сарахат týралы жол күнделіктері мен қызметтік запискітер. XVIII-ХІІІ ғасырлар / қурамы. І. V. Erofeeva, B. T. Jańaev. [History of Kazakhstan in Russian history XVI-XX centuries. (2007). Travel days and services on trains to the southern Kazakh steppes. XVIII-XIX Veka]. – Almaty: Daik-Pres, T. VI. 516 s. + 8 s. qosýly.

Qazaq KSR tarıhy boyınsha materialdar. T. II. 2-bólim. (1741-1751). (1948). [Materials on the history of the Kazakh SSR. VOL. II. 2. (1741-1751 GG.)]. Almaty: Basylym. Qazaq KSR Ǵylym akademıasy. 457 B.

RF Oromm. 3-қ., 1-т., 8-іс. [OROMM RF. 3rd ed., 1st Ed., 8th ed].

Mitrov A. G. (1998). Oirattar-qalmaqtar: ǵasyrlar men urpaqtar. [Oiraty-kalmyki: Veka and pokolenia]. Elista: Kalm. kn. basylym. 384 b.

Hafızova K. (2013). Abylaıdyń Sin imperıasymen elshilik baılanysy. [The post-war relations of Abylai with the Tsin Empire. Mysl]. №11, qarasha-B. 35-40

1791 jyly Eraly han Kishi júzdiń hany bolyp saılandy. [In 1791, Yeraly Khan was izbran Khan's youngest son]. <https://e-history.kz/ru/calendar/show/26880>

Aqmanov I. G., Ámirhanov A. Z. (2015). V. N. Tatishev jáne onyń Orynbor ekspedısiyasynyń mindetterin júzege asyrýǵa qosqan úlesi. [V. N. Tatishev and his post in the implementation of the Orenburg expedition]. Bashqurt ýnıversitetiniń habarshysy, T.20, №1. 298-302 BB.

Smırnov Iy. N. (1997). Orynbor ekspedısiasy (komısiasy) jáne Edildiń Reserge qosylýy XVIII ǵasyrdyń 30-40 jj. [The Orenburg expedition (Commission) and the expedition to Russia in 30-40-e GG. XVIII V]. B.72.

Shıláev E. Iy. (2001). 30-40 jyldardaǵy Reseıdiń ońtústik-shyǵys saýdasynyń damýy. [The development of the south-eastern borders of Russia in 30-40 years]. Bashqurtstan tarıhynyń biregeı kózderi. Ýfa. B.131.

Leitenant Dmitri Gladyshevtiń Orynbor dragýn polkiniń aıǵaqtary. (1851). 1740-1741 jyldary Gladyshev pen qumyrsqa jasaǵan Orskiden Hıvaǵa jáne kerı sapar. [The train from Orsk to Khivu and later, improved in 1740-1741 by Gladyshev and Muravyov]. Sankt-Peterbýrg.

RSSM, f. 122, 1792-1794 y., d. 5, 13-15 p.